

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда жариялануға жататын мәліметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 6 қазандағы № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 10 қазанда № 14316 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2025 жылғы 7 ақпандағы № 26 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - КР Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 07.02.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабы 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда жариялануға жататын мәліметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он жұмыс күн ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйрек 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы К. Кожамжаров

Казакстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-күміл агенттігі төрағасының
2016 жылғы 6 қазандагы
№ 3 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес мемлекеттік күпияларды қурайтын мәліметтерді қоспағанда жариялануға жататын мәліметтердің тізбесі

1. Мемлекеттік немесе басқа тіркеуге жататын жеке меншіктегі, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жылжымайтын мүліктердің болуы туралы мәлімет

(мұлік түрі, аумағы)

2. Мемлекеттік тіркеуге жататын жеке меншіктегі, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс механикалық көлік құралдардың және/немесе тіркемелердің болуы туралы мәлімет

(көлік куралының түрі, маркасы, моделі, шығарылған жылы)

(көлік құралының түрі, маркасы, моделі, шығарылған жылы)

3. Төлем көзіне салық салынбайтын табыстардың жалпы сомасы туралы мәлімет ;

(мұліктік табыс, жеке кәсіпкердің табысы, басқа да табыстар)

4. Төлем көзіне салық салынатын табыстардың жалпы сомасы туралы мәлімет

Ескеरту. Жылжымайтын мүліктер, жылжитын мүліктің тіркеу мәліметтері және т.б. тұрғылықты жерін, пошталық мекен-жайын анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтерді жариялауға жол берілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК